

“Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы” Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 2 наурыздағы №31 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 5 қыркүйектегі № 195 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 7 қыркүйекте № 6424 болып тіркелді

“Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына және “Құқықтық актілер туралы” Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. “Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы” Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 31 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4910 болып тіркелген, 2015 жылғы 18 наурызда “Жалағаш жаршысы” газетінде және 2015 жылғы 30 наурызда “Әділет” ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен белгіленген барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарында:

реттік нөмері 2-жол жаңа редакцияда жазылсын:

“

2	Жалағаш кенті	Н.Мырзалиев көшесі №73 мекен-жайда орналасқан “Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының “Амбулаториялық-емханалық қызметі бар Жалағаш аудандық орталық ауруханасы” шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ғимаратының алды
---	---------------	--

”

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш ауданының әкімі

Қ. Сәрсенбаев

“КЕЛІСІЛДІ”

Жалағаш аудандық сайлау

комиссиясының төрағасы

С.Әлиев

5 қыркүйек 2018 жыл